



Д.Қ. Қабдолла<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: kabdolla2000@mail.ru)*

## **Корей түбегі мәселесінің өткені мен бүгіні және оны реттеудегі Қазақстанның рөлі**

Корей түбегіндегі жанжал жағдайы ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Автор осы аталған мәселенің жарты ғасырдан астам уақыт жалғасып келе жатқандығын және сол себепті үнемі алаңдаушылық туғызатындығын жеткізеді. Бітімге негізделген жағдай болғанымен толыққанды шешімін әлі таппай отырған мәселені шешуге талпыныс жасайды.

Кез келген мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығының сақталуы мен стратегиялық дамуында саяси мәдениеттің маңызы айырықша. Сонымен қатар саяси мәдениет пен саяси тұрақтылықтың өзара қатынасындағы негізгі аспектілер қарастырылып, әлемдік тәжірибедегі саяси тұрақтылығы орнатудағы рөлі анықталады. Аталған мәселенің тарихы мен қазіргі сипатын терең түсіну арқылы қажетті шешімге қол жеткізуге қадамдар жасауға болатынын айқындайды.

*Кілт сөздер:* Корей түбегі, Корей соғысы, Корея Республикасы (Оңтүстік Корея), Корей Халық Демократиялық Республикасы (Солтүстік Корея), ядролық қару, Америка Құрама Штаттары, Қазақстан Республикасы.

### *Кіріспе*

Корея – Корей түбегі мен оған іргелес аралдарда орналасқан аймақтың географиялық атауы. VII ғасырдан бастап Корея біртұтас мемлекет ретінде дамыды. Бірақ өткен ғасырдың ортасында орын алған бірқатар оқиғалар елдің екі аумаққа, яғни Корей Халық Демократиялық Республикасы (Солтүстік Корея) және Корея Республикасы (Оңтүстік Корея) болып бөлінуіне себепкер болды. Бүгінгі таңда екі корей мемлекеті бір-бірін өздерінің бастапқы территориясының жаулап алушылары ретінде санап, әртүрлі саяси, экономикалық және мәдени жағдайда өмір сүруде [1].

Корей түбегіндегі қазіргі жағдайды түсіну үшін мәселенің тарихына қысқаша тоқталған жөн, бұл қырғи-қабақ соғыстың мұрасы әлі де аймақтағы саяси жағдайды айтарлықтай дәрежеде анықтайтындығымен байланысты.

Есімізге түсіретін болсақ, 1910 жылдан бері Корея Жапонияның қол астында болған. 1945 жылы 15 тамызда, яғни екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Корея мемлекеті өз тәуелсіздігін алды. 1945 жылғы Ялта



келісімінің нәтижесіне сәйкес және Вашингтон мен Мәскеудің өзара келісімімен Корей түбегі екі оккупациялық аймаққа бөлінді. Осылайша, 38-ші параллельдің солтүстігінде кеңестік аймақ, ал оңтүстігінде америкалық аймағы орын тепті.

### *Зерттеу әдістері*

Зерттеудің дереккөзі ретінде декларациялар, келісім-шарттар, шетелдік және отандық зерттеулер негізге алынды. Дереккөздер кешеніне сыни және салыстырмалы талдаулар жасалынды.

Сонымен қатар, гуманитарлық білім мен ғылымның негізгі әдістері мен тәсілдері мақаланың қойылған мақсатына жетуге көмектесетін ғылыми құралдар жүйесі кеңінен қолданылды.

### *Негізі бөлім*

Кейін 1950 жылы бүкіл Корей түбегін иемдену үшін соғыс басталып кетті. Бұл қақтығыста елдің оңтүстік аймағына БҰҰ туы астында 15 мемлекеттен тұратын коалицияны басқарған Америка Құрама Штаттары, ал солтүстік аймаққа кеңестік әуе бөлімшелері мен қытайлық еріктілер қолдау көрсетті. Соғыс 1953 жылы әлі күнге дейін өз күшін сақтап келе жатқан бітіммен аяқталды [2].

Сол уақыттан бері аталған бейбіт бітіммен негізделген Корей түбегіндегі жағдай түрлі оқиғалармен қатар жалғасып келеді. Бірде екі тарап ортақ келісімге қол жеткізіп жатса, енді бірде өзара түсініспеушілікті арттыратын жағдайларды бастан кешіруде.

Алдымен қос Корея арасындағы диалогтың бүгінге дейінгі ең жарқын сәттеріне тоқталуды жөн санаймын. Бұлардың ішінде президент Ким Дэ Чжунның (1998-2003) «күн жылуы» саясатын ерекше бөліп көрсетуге болады. Бұл саясат алдыңғы жобалардың тәжірибесін, сондай-ақ әлемдегі және Кореядағы жаңа шындықтарды ескере білді. Ол Корей түбегінің мәселелерін корейаралық диалог шеңберіне қайтаруға бағытталды. Бұл саясаттың айрықша ерекшелігі қайшылықтары барынша айқын көрінетін Солтүстік пен Оңтүстіктің бірігуі мәселесін қозғамағандығы болды. Оның үстіне, президент Ким Дэ Чжунның бағдарламасында ешқандай алғышарт болған жоқ. Ол икемді әрі болашақта түбекте туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға бейім көрінді.

Жаңа ғасыр қарсаңындағы Кореядағы басты оқиға 2000 жылы 13-15 маусым аралығында Пхеньянда өткен Солтүстік және Оңтүстік Корея басшыларының алғашқы саммиті болды. Корея Республикасының Президенті Ким Дэ Чжун мен Корей Халық Демократиялық Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы Ким Чен Ирдің кездесуінің тарихи маңыздылығы оның Солтүстік пен Оңтүстік Кореяның бөлек өмір сүрген 55 жылында алғаш рет өтуімен тікелей байланысты болды. Бұл кездесу екі жақтың арасында



айтарлықтай үлкен өзара түсіністік пен сенім атмосферасын құруға ықпал еткені сөзсіз. Алғаш рет жоғары деңгейде екіжақты қатынастардың кең ауқымды мәселелері талқыланып, бірлескен декларация мен басқа да келісімдерге қол қойылды. Солтүстік пен Оңтүстіктің бүкіл корей халқының күш-жігерін біріктіру арқылы бірігу мәселесін дербес шешуге келіскендігі саммиттің басты нәтижесі болды [3]. Сонымен қатар, екі Кореяны біріктіру және Оңтүстік Корея мен жалпы Шығыс Азияда демократия мен адам құқықтарын нығайтудағы жемісті қызметі үшін Оңтүстік Корея президенті Ким Дэ Джун 2000 жылдың қазан айында Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығымен марапатталды.

2000 жылғы саммиттен кейін Солтүстік Корея көшбасшысы Ким Чен Ирдің Сеулге уәде етілген жауап сапары 7 жыл бойы орындалмады. Оңтүстік Корея президенті Ро Му Хен (2003-2008) өзінен бұрынғы президенттің «күн жылуы» саясатын жалғастыра отырып, қандай жағдай болмасын саммит өткізуге Оңтүстік Кореяның әрқашан дайын екенін білдірді.

Осылайша, Пхеньяндағы екінші корейаралық саммит 2007 жылдың 2-4 қазан аралығында өтті. Пхеньянға жолға шыққан Оңтүстік Корея президенті Ро Му Хен жұбайымен бірге «қырғи-қабақ соғыстың» символы болып табылатын демаркациялық сызықтан өту арқылы әлемге Корей түбегіндегі жағдайдың қалыпқа келуіне үміт сыйлаған болатын. Саммит барысында Корея мен КХДР басшыларының екі кездесуі өтті, сонымен қатар корейаралық ынтымақтастықтың түрлі маңызды мәселелері талқыланды және «Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы қарым-қатынастарды дамыту және бейбіт гүлдену туралы декларация» қабылданды.

Алайда Ро Му Хеннің президенттік мерзімінің соңына таман «күн сәулесі» саясатының аралас нәтижелері Оңтүстік Кореяда үлкен сын толқынын тудырды. Ал, одан кейін президенттікке келген Ли Мен Бак (2008-2013) және Пак Кын Хенің (2014-2017) корейаралық жағдайға қатысты саяси бағыттары алдыңғы президенттердің саясатынан мүлдем өзгешеленді. Егер де Ли Мен Бактың әкімшілігі «күн жылуы» саясатынан бас тартып, солтүстікпен қарым-қатынастарын қайта қараған болса, Пак Кын Хенің президенттік мерзімінің соңына қарай Оңтүстік пен Солтүстік Корея арасындағы байланыстар толығымен үзіліп, корейаралық қарым-қатынастар терең дағдарысқа ұшыраған болатын.

Екіжақты ынтымақтастықтың қайта жаңғыруы, 1990 жылдардың аяғындағыдай, президент Мун Чжэ Ин (2017-2022) бастаған солшыл-либералдық Оңтүстік Корея әкімшілігінің бастамасы және Солтүстік Корея басшылығының өзара әрекет етуге келісуінің нәтижесінде орын алды. Соның ішінде, Пхенчхан Қысқы Олимпиадалық Ойындары корейаралық диалогты қайта бастауға тамаша мүмкіндік берді. Ким Чен Ынның Оңтүстік Кореяда өтетін Олимпиадаға спортшылар командасын жіберуге дайын екенін жариялаған жаңа жылдық жолдауынан кейін тараптар КХДР-ның Ойындарға қатысуына дайындық



бойынша келіссөздер жүргізуге бастамашы болып, корейаралық ынтымақтастықты жандандыру кезеңін ашты [4].

2018 жылы 27 сәуірде Панмунджомда өткен кездесуде Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын мен Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэ Ин үш негізгі тақырыпты талқылады: Корей түбегін ядролық қарусыздандыру, аймақтағы бейбітшілікті нығайту және екіжақты қарым-қатынас. Панмунджом саммитінің қорытындысы бойынша қабылданған Корей түбегіндегі бейбітшілік, өркендеу және қайта бірігу туралы Декларация түбекте әскери шиеленісті азайту үшін бірлескен күш-жігер қажеттілігі туралы жалпы идеяларды тұжырымдады.

Сондай-ақ, Оңтүстік Корея әкімшілігі басынан бастап Солтүстік Корея-Америка саммиті идеясын белсенді түрде қолдады, оның өтуіне және Солтүстік Кореяның ядролық мәселесін дипломатиялық жолмен шешуде оң нәтижелерге қол жеткізуге көп күш салды. Ким-Трамп кездесуін ұйымдастыру айтарлықтай қиындықтармен дамыды және көптеген келіссөздер жүргізілді. Соған қарамастан 2018 жыл 12 маусымда Ким Чен Ын мен Дональд Трамп арасындағы Сингапур саммиті өтті. Нәтижесінде тараптар бірлескен мәлімдемеге қол қойды және құжаттың өте маңызды ережелері Трамптың КХДР-ына қауіпсіздік кепілдігін беру міндеттемесі мен Кимнің Корей түбегін толық ядролық қарусыздандыруға деген мызғымас ұстанымымен байланысты болды.

Бұдан бөлек, 2018 жылдың қыркүйегінде өткен үшінші корейаралық саммит Корей түбегіндегі жағдайды реттеу үдерісі үшін үлкен маңызға ие. Сарапшылар оған әртүрлі баға бергенімен, тұтастай алғанда саммит белгілі бір практикалық нәтижелер әкелді дегенге келісті [5]. Бұрынғы прогрессивті әкімшіліктерден айырмашылығы, Мун Чжэ Ин әкімшілігінің Солтүстік Кореяға қатысты саясаты ядролық мәселені корейаралық, оның ішінде экономикалық қатынастардан тыс қалдырмауы болды. Алайда, 2019 жылы Ханойдағы сәтсіз өткен АҚШ-Солтүстік Корея саммитінен кейін екі Корея арасындағы қарым-қатынастардың дамуы іс жүзінде корейаралық ынтымақтастықты қалпына келтірудің Пхеньян мен Вашингтон арасындағы ядролық келіссөздердегі ілгерілеуге тәуелділігін көрсетті.

Осыған байланысты Корей түбегіндегі жағдай соңғы жылдары мүлдем назардан тыс қалған емес. Ал, осы жақын арада орын алған кейбір оқиғалар алаңдаушылықты одан сайын арттыруда. Нақтырақ айтқанда, осы жылдың 9 қыркүйегінде Солтүстік Корея ресми түрде өзін ядролық мемлекет деп жариялаған болатын. Бұдан бөлек, 6 қазанда Солтүстік Корея Жапон теңізіне қарай екі баллистикалық зымыранды ұшырды. Бұл бір аптадағы алтыншы ұшыру болды. Ел билігі мұны АҚШ пен Оңтүстік Кореяның бірлескен оқу-жаттығуына жауап деп атады. Осы оқиғалардан кейін Оңтүстік Корея Солтүстік Кореяның 15 жеке тұлғасы мен 16 ұйымына қарсы өз санкциясын салды. Бұл соңғы 5 жыл ішіндегі алғашқы санкция болып отыр [6].

Ал, 24 қазанда қос тарап Корей түбегі жағалауындағы даулы шекаралық аймақта ескерту оқтарымен алмасты. Бұл шекаралық оқиға аймақтағы



шиеленістің айтарлықтай күшеюі аясында орын алды. КХДР соңғы уақытта баллистикалық зымырандарды әдеттен тыс сынақтан өткізуде және жақында Корей түбегінің шығыс және батыс жағалауындағы шекараны бойлай артиллериядан оқ жаудырды. Сонымен бірге, Оңтүстік Корея Солтүстік Кореядан келетін қауіп-қатердің алдын алу үшін осы оқ алмасудан бір апта бұрын жыл сайынғы әскери жаттығуларын бастаған болатын [7].

Жалпы айтқанда, Корей түбегіндегі жағдай әрдайым назарда болуы тиіс. Себебі, жағдайды әскери қақтығыс шегіне жеткізуі мүмкін шиеленістің күрт өсуі байқалады. Белгілі бір сәтте жағдай бақылаудан шықпайтынына кепілдік жоқ және бұл апатты салдарға әкелуі мүмкін. Бүгінгі таңда Пхеньян мен Сеулге тиімді диалогты қалпына келтіру жолына түсуі үшін ықпал ету мүмкіндіктерін табу аса маңызды. Қос тарап арасындағы шиеленістің сақталуы мүдделі мемлекеттердің Корей түбегінің ядролық мәселесін саяси жолмен реттеуге күш салуына да кедергі келтіреді.

Осы ретте аталған мәселені реттеуге қатысты Қазақстанның атқаратын рөлін айқындауды өзекті деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы үшін азиялық бағыттағы векторда екі Кореямен қарым-қатынас жүргізудің маңызы зор екендігі сөзсіз. Оның үстіне ел басшылығы Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасы мәселесін шешу және жалпы корей мәселесін реттеуге өз көңілін бөлуде.

1993 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Жоғарғы Халық Жиналысы Кеңесінің Төрағасы Ян Хен Соб бастаған Корей Халық Демократиялық Республикасының ресми делегациясын қабылдады. Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев егемен Қазақстанның демократиялық, құқықтық мемлекет құрып жатқанын және КХДР-ның Ядролық қаруды таратпау туралы шарттан шығу туралы шешімі Қазақстанда белгілі бір алаңдаушылық туғызып отырғанын атап өтті. Өз тарапынан Ян Хен Соб екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы бірінші жоғары деңгейдегі байланыс екі ел арасындағы қарым-қатынастардың дамуындағы бетбұрыс болатынына сенім білдірді. 1993 жылы 7-8 маусымда Алматыда ҚР Жоғарғы Кеңесі мен КХДР-ның Жоғарғы Халық Жиналысы арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды.

Бұрынғы КСРО-ның ядролық мұрасынан өз еркімен бас тартқан және ядролық қаруды таратпау ісіне қомақты үлес қосқан мемлекет ретінде Қазақстан КХДР басшылығын халықаралық міндеттемелерді орындауға шақырады және барлық мүдделі тараптармен ортақ келіссөздер арқылы барлық мәселенің, соның ішінде КХДР қауіпсіздігіне қатысты сұрақтың да шешімі табылады деп үміттенеді. Қазақстан КХДР-ның Ядролық қаруды таратпау туралы шарттан шығуы Корей түбегі мен Азия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа елеулі зиян келтіреді және жаһандық қауіпсіздік режимін айтарлықтай әлсіретеді деп санайды.



Белгілі қазақстандық тарихшы және корейтанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азиятану институтының директоры Ким Герман Николаевичтің пікірінше, Қазақстанның корейаралық қарым-қатынас мәселелерін шешуде атқара алатын рөлі медиация болуы мүмкін. Мемлекеттер жүзеге асыратын медиацияда ірі державалар мен екінші реттегі мемлекеттердің медиациясын ажырату қалыпты жағдай болып табылады. Басқаша айтқанда, аймақтағы көршілес, күшті саяси және экономикалық тұтқалары бар мемлекеттер, алпауыт державалар дәрменсіз болып шығатын мемлекетаралық қақтығысты шешуде, кейде айтарлықтай нақты нәтижелерге қол жеткізе алады.

Қазақстан делдал мемлекет рөлін қалай атқара алатындығына келетін болсақ, алдымен еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі болғандықтан, олардың шеңберінде медиация қызметін қарқынды түрде көрсету мүмкіндігіне ие екендігін атап өткен абзал. Сонымен қатар, Қазақстан қазіргі әлемде кеңінен таралған көпжақты медиацияға қатыса алады және бұл жағдайда Қазақстан корей мәселесін шешудегі ресми делдалдардың бірі ретінде әрекет етер еді. Соңғы уақытта кең қолданыла бастаған бейресми медиацияны да еліміз үкімет бейнесіндегі ресми медиациямен қатар үйлестіре алады. Ең маңыздысы, екі мемлекет арасындағы делдал рөлін атқара алатын және атқаруға тиіс Қазақстандағы корей диаспорасының әлеуетін тиімді пайдалана білу қажет. Қазақстан корейлер қауымдастығы Солтүстік Кореямен қарым-қатынас орнатуға нақты қадамдар жасаған болатын, оның басшылығының делегациясы 2006 және 2008 жылдары екі рет Пхеньянға барып, жоғары деңгейде қабылданды Сондай-ақ, Қазақстан осы бағыттағы түрлі қадамдарды әрқашан белсенді түрде қолдайды. Мысалы, жоғарыда аталған Ким Чен Ын мен Дональд Трамптың тарихи кездесуін еліміз жоғары деңгейде бағалады. ҚР-ның Сыртқы істер министрлігі жариялаған мәтінде «Бұл тұрғыда Астана Пхеньяның ядролық қаруды жоюға деген ұмтылысын жоғары бағалайды және әлемдегі төртінші ядролық әлеуеттен өз еркімен бас тартып, ең ірі ядролық сынақ орындарының бірін жапқан сондай-ақ, жаһандық ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға елеулі үлес қосып отырған Қазақстанның жолын таңдауға шақырады», – делінген.

Қазақстанның ядролық қарусыздану саласындағы көрнекті рөлі мен жасампаз көшбасшылығы 2010, 2012, 2014 және 2016 жылдары өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттерде атап өтілді. Еске салайық, соңғы жылдары еліміз ядролық қарусыздану және ядролық қаруды таратпау мақсаттарын ілгерілетуге бағытталған бірқатар бастамаларды алға тартты. Атап айтқанда, ядролық қаруды жаппай көлденең және тік тараптау туралы әмбебап шартты, ядролық қаруға жалпыға бірдей және толық тыйым салу туралы жаһандық шартты және ядролық қарусыз әлем туралы жалпыға бірдей декларацияны әзірлеу ұсынылды.



Сонымен қатар, 2019 жылдың сәуір айында өткен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен сол кездегі Оңтүстік Корея Президенті Мун Чжэ Иннің кездесуі нәтижесіндегі брифингте мемлекет басшымыз Қазақстанның әлемдік ядролық қаруға қарсы қозғалыстағы көшбасшылық рөлін атап өтіп Корея түбегін денуклеаризациялау бойынша Сеулдің қадамын қолдайтынын айтқан болатын. Президенттің пікірінше, бұл мәселе әлем бойынша қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Түйіндей келе, алғашында бөлінуге деген ешқандай алғышарттары болмаған бүтін бір халықтың бүгінде екі түрлі мемлекетті білдіріп отырған жайы бар. 70 жылға жуық уақыт аралығында өзара келісімге бағытталған бірқатар қадамдардың да жасалғандығын байқаймыз. Дегенмен, соңғы кездегі оқиғалардың алаңдаушылық тудыратындығын мойындаған жөн. Сол себепті де Корея түбегі мәселесінің бәріне ортақ шешімін тез арада табу аса маңызды. Бұл тұрғыда еліміздің жасаған қадамы Солтүстік Кореяға ой салар деп үміттенемін.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ким Н. Северная и Южная Корея: история разделения. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу тәртібі: – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/6027342-iuzhnaia-koreia-vvela-sanktsii-protiv-kndr.html> [қаралған күні 27.07.2022].
2. Пак Чжу Ен. Объединение Кореи: современный этап решения проблемы и значение межкорейского саммита 2007 / Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. 2009. С. 66 -70.
3. Ким Г.Н. Казахстан Южная Корея: по пути стратегического партнерства. В двух т-х. Т.1. Этапы партнерства и сотрудничества. – Алматы: КИСИ, 2012. – 392 с.
4. Пугачева О.С. Межкорейские отношения: факторы и перспективы развития // Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. – № 1. С. 151–175.
5. Южная Корея ввела санкции против КНДР. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/6027342-iuzhnaia-koreia-vvela-sanktsii-protiv-kndr.html> [қаралған күні 28.07.2022].
6. Денисов В.И. Ядерная проблема Корейского полуострова: есть ли выход из тупика? Международная аналитика. – 2015. – №1. С.182-193.
7. Внешняя политика Республики Казахстан: Учебник /под общ. Ред. К.И.Байзаковой. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 302 с.

D.K. Kabdolla

#### **Research paper title: past and present of the Korean peninsula problem and the role of Kazakhstan in its regulation**

**Abstract:** The situation on the Korean Peninsula has never lost its relevance. This is due to the fact that this problem has been going on for more than half a century and is therefore a constant concern. We all know that although the situation is based on reconciliation, it has not yet found a full solution. By thoroughly understanding the history and current nature of this problem, steps can be taken to achieve the desired solution. In this regard, our country has a special place.



*Key words:* Korean Peninsula, Korean War, Republic of Korea (South Korea), Democratic People's Republic of Korea (North Korea), inter-Korean summit, nuclear weapons, United States of America, Republic of Kazakhstan.

Кабдолла Д.К.

### **Прошлое и будущее конфликтов у Корейского залива и роль Казахстана в их регулировании**

Конфликты у Корейского залива никогда не теряли свою актуальность. Автор доводит в статье, что данный вопрос остаётся открытым в течении полувека и о нестабильности по поводу данного вопроса. Ситуация направлена на примирение, но полного удовлетворительного решения нету, поэтому автор постарался найти решение данного вопроса.

Для любого государства имеет важную роль сохранение его стабильной политической системы, стратегического развития и политической культуры. Рассматриваются основные аспекты взаимодействия деспотической культуры и политики, роль политической культуры в мировой практике и в установлении стабильности общества.

*Ключевые слова:* Корейский пролив, Корейская война, Республика Корея (Южная Корея), Демократическая Народная Корейская Партия (Северная Корея), ядерное оружие, Соединенные Штаты Америки, Республика Казахстан.

#### Referenses:

1. Kim, N. Sebernaiya I Eyzhnaya Koreia: istoria razdelenia: [Elektronic resource]. – Retrieved from: <https://www.zakon.kz/6027342-iuzhnaia-koreia-vvela-sanktsii-protiv-kndr.html> [in Rus].
2. Pak, Sh. (2007). Obedineniya Koreia: sobremenni etap reshenia problem I snashenia mezkoreiskogo sammita. Izbekiya Rossiskogo pedagogishekogo unibersiteta im A.I. Gerzena. P 66-70.
3. Kim, G. (2012).Kazakhstan I yzni Koreia po puti strategisheckogo partnerstbo. [Kazakhstan and South Koreia strategic partnership]. – Almaty: KISI. – 392 p.
4. Pugasebo, O.S. (2021). Mezkoreiskoie otnoshenie: Paktory i perspektiby razbitiya [inter – Korean attitude factors and development prospects] contury globalnyh transpormasi: politika, ekonomika, prabo. V. 14. – № 1. P. 151–175.
5. Yzhnaya bbela sanksii protiv KNDR [South Koreia imposes sanctions on KNDR]. [Elektronic resource]. – Retrieved from: <https://www.zakon.kz/6027342-iuzhnaia-koreia-vvela-sanktsii-protiv-kndr.html> [in Rus].
6. Denisov, B.I. Jdernaya problema Koreiskaya polyostrova: [Korean Peninsula nuclear issue: is there a way out of the impasse?] International analytics 2015(1). P.182-193.
7. (2006). Vneshnaya politika Respublika Kazakhstan [Poreign policy Respublik Kazakhstan] Usebник /pod obs. Red. – Almaty: Kazakh unibersiteti, 2006. – 302 c.





Қабдолла Диана Қабидоллақызы	«Әлемдік саясат» мамандығы бойынша 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Қабдолла Диана Кабидоллақызы	магистрант 2 курса по специальности «Мировая политика», Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Kabdolla Diana	2 <sup>nd</sup> year Master student on specialty «World Politics», al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan